

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша сот актілерінің заңдылығына прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 11 наурыздағы № 40 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 14 сәуірде № 10706 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2018 жылғы 2 мамырдағы № 60 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Бас Прокурорының 02.05.2018 № 60 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2014 жылғы 5 шілдедегі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы Кодексінің қабылдануына байланысты және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы сот актілерінің заңдылығын қадағалау тиімділігін арттыру мақсатында, "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 4) тармақшасын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша сот актілерінің заңдылығына прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру туралы нұсқаулық бекітілсін.

2. "Әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша мемлекет мүддесіне өкілдік ету және сот актілерінің заңдылығын прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2010 жылғы 12 тамыздағы № 47 бұйрығының күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6465 тіркелген).

3. Осы бұйрықпен Қазақстан Республикасының прокуратура органдары, ведомстволары мен мекемелерінің барлық қызметкерлері мен қызметшілері таныстырылсын.

4. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Соттарда мемлекет мүддесіне өкілдік ету департаменті осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

5. Қаржы, ақпараттандыру және ақпараттық ресурстарды қорғау департаменті бұйрықтың Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ресми сайтына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

7. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Бас Прокуроры

А. Дауылбаев

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2015 жылғы 11 наурыздағы
№ 40 бұйрығымен
бекітілген

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша сот актілерінің заңдылығына прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық

1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (бұдан әрі - ӘҚБтК), "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілеріне сәйкес әзірленді және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша (бұдан әрі – әкімшілік істер) сот актілерінің заңдылығын қадағалауды және соттарда мемлекет мүддесіне өкілдік етуді ұйымдастыру мен жүзеге асыруды регламенттейді.

2. Әкімшілік сот ісін жүргізуде заңдарды дәл және біркелкі қолдануға жоғары қадағалауды мемлекеттің атынан Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры (бұдан әрі – Бас Прокурор) тікелей, сондай-ақ оның бағынысындағы прокурорлар арқылы сот талқылауына қатысу және қорытынды беру, заңды күшіне енген және заңды күшіне енген сот актілерінің заңдылығын тексеру және олар заңсыз болған жағдайда оларға наразылық келтіру жолымен жүзеге асырады.

3. Әкімшілік істер бойынша сот актілерінің заңдылығын қадағалаудың міндеттері жеке тұлғалардың, мемлекет пен заңды тұлғалардың конституциялық және заңмен қорғалатын өзге де құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету, заңсыз сот актілерін дер кезінде анықтау және оларға наразылық келтіру, сондай-ақ әкімшілік заңнаманың бұзылуына және әкімшілік құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою мақсатында сот қарауы барысында анықталған заң бұзушылық фактілері бойынша прокурорлық ден қою шараларын қабылдау болып табылады.

4. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Соттарда мемлекет мүддесіне өкілдік ету департаменті (бұдан әрі – Департамент), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының прокурорлары, ауданаралық, аудандық, қалалық және оларға теңестірілген әскери және басқа да мамандандырылған прокуратуралар әкімшілік істер бойынша сот актілерінің заңдылығын тұрақты қадағалауды қамтамасыз етеді, соттардың әкімшілік істерді қарау кезінде процестік мерзімдерді сақтауын тексереді, әкімшілік істер бойынша сот төрелігін жүзеге асыру кезінде заңдылықтың жай-күйін жүйелі талдайды.

Қадағалау құзыретін тиімді жүзеге асыру және заң бұзушылыққа жедел түрде ден қою мақсатында прокурорлар өз қызметтерінде Құқық қорғау және арнайы органдардың ақпараттық алмасу жүйесін, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің Бірыңғай сәйкестендіру статистикалық жүйесі мен өзге де ақпараттық ресурстарын және басқа да мемлекеттік органдардың жүйелерін пайдаланады.

5. Департаментте, облыстардың прокуратураларында және оларға теңестірілген прокуратураларда жұмыс заңдылықтың жай-күйін болжамдау, әкімшілік істердің өзекті санаттары бойынша прокурорлық практикаға жүйелі талдау жүргізу мақсатында олардың нәтижелерін тақырыптық және салааралық жұмыс топтарында, жедел кеңестерде және алқаларда қарай отырып, жүзеге асырылатын қадағалаудың тиімділігін арттыру бойынша нақты шаралар қабылдай отырып, аймақтық-тақырыптық қағидаты бойынша ұйымдастырылады.

Тақырып қағидаты бойынша жұмыс әкімшілік істердің өзекті санаттарын айқындау және заңдылықтың жай-күйіне, прокурорлық қадағалауға жүйелі талдау жүргізетін, қолданыстағы заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды, қадағалау қызметін жетілдіру жөнінде ұсыныстарды әзірлеу мақсатында оның нысандарын, әдістерін арттыру жөніндегі ұсыныстарды енгізетін жауапты тұлғаларды бекіту арқылы жүзеге асырылады.

Тақырып бағыттарын белгілеу кезінде заңдылықтың жай-күйін және қызмет көрсетілетін аймақтың ерекшеліктерін, сотта қаралуы таралған әкімшілік істердің белгілі санаттарын негізге алу керек.

Прокурорлардың мамандануы прокуратура жұмысын жоспарлағанда, талдамалар мен қорытындылауларды жүргізгенде, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарағанда ескеріледі.

Аймақтық қағидат белгіленген өңірде заңдылықтың мониторингін жүргізу және жай-күйін талдау мақсатында сот актілерінің заңдылығына қадағалауды жүзеге асыратын прокурорларға сол өңірді бекітуден тұрады.

2. Әкімшілік істер бойынша соттарға қатысу

6. Бірінші, апелляциялық және кассациялық сатылардағы соттарға қатыса отырып, прокурор өз өкілеттігін Қазақстан Республикасының Конституциясына, ӘҚБтК-не, Заңға және өзге де заңнамалық актілерге сәйкес жүзеге асырады.

Прокурор міндетті түрде сотта ведомстволық бағыныстылығы бойынша бірінші сатыдағы соттар қарайтын әкімшілік істерге (бұдан әрі – міндетті санаттағы істер):

кәмелетке толмағандарға қатысты және қамауға әкеп соғатын;
оның қатысуы жоғары тұрған прокурормен қажет деп танылған;
өзі қозғаған;
сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы;
сайлау құқықтарына қол сұғатын құқық бұзушылықтар туралы;
қоршаған ортаны қорғау саласындағы;
салық салу саласындағы;
кеден ісі саласындағы;

әкімшілік құқық бұзушылық жасау құралы немесе заты болып табылған затты, сол сияқты әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған мүлікті мемлекет меншігіне тәркілеуге әкеп соғатын;

Қазақстан Республикасынан тыс жерге шығаруға әкеп соғатын;
заңсыз тұрғызылған құрылысты мәжбүрлеп бұзуға әкеп соғатын;

әкімшілік іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыратын органның (лауазымды тұлғаның) әрекетіне (әрекетсіздігіне) ӘҚБтК-нің 44-тарауының тәртібімен шағымдану туралы;

әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша органның (лауазымды тұлғаның) қаулысына ӘҚБтК-нің 45-тарауының тәртібімен шағымдану туралы істерге қатысады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас прокурорының 29.01.2016 № 20 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн аяқталған соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Аумақтық прокурорлар осы Нұсқаулықпен соттардың орналасқан жеріндегі мамандандырылған прокурорлардың жүргізуіне жатқызылған істер санатын қоспағанда, өзінің орналасқан жері бойынша бірінші және апелляциялық сатылардағы соттарда әкімшілік істерді қарауға қатысуды және кейіннен қадағалауды қамтамасыз етеді.

Мамандандырылған әскери прокурорлар өзінің орналасқан жері бойынша аудандық, қалалық, арнайы мамандандырылған әкімшілік, облыстық және оларға теңестірілген соттар қарайтын:

ӘҚБтК-нің 32-тарауы бойынша;

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдардың уәкілетті лауазымды тұлғалары қозғаған;

әскери қызметті өткеруге байланысты шақыру немесе келісімшарт бойынша Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарда әскери қызмет өткеріп жатқан әскери қызметшілерге қатысты;

әскери жиындардан өту кезіндегі запастағы азаматтарға қатысты;

қызметтік міндеттерін орындауға байланысты Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдардың азаматтық персоналдағы тұлғаларға қатысты;

көрсетілген санаттағы әкімшілік істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асыратын уәкілетті органның (лауазымды тұлғаның) әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) не қаулысына шағымдану туралы әкімшілік істерге қатысады және кейіннен қадағалауды жүзеге асырады.

Мамандандырылған көлік прокурорлары осы Нұсқаулықтың 6-тармағында көрсетілген, көлік инфрақұрылымы объектілеріне немесе темір жол, автомобиль (жолаушыларды, багажды және жүктерді халықаралық автомобильмен тасымалдау бөлігінде), теңіз, ішкі су, әуе, қалалық рельстік және магистралды құбыр көлігі ұйымларына, ғарыш жүйесіне қатысты өкілеттіктерді іске асыруға байланысты көлік прокурорларының не уәкілетті органдардың (лауазымды тұлғалардың) бастамасымен іс жүргізу қозғалған әкімшілік істерді аудандық, қалалық, мамандандырылған ауданаралық әкімшілік, облыстық және оларға теңестірілген соттар қараған кезде өзінің орналасқан жері бойынша қатысуды және кейіннен қадағалауды қамтамасыз етеді.

Мамандандырылған табиғат қорғау прокурорлары олардың бастамасы бойынша іс жүргізу қозғалған әкімшілік істерді соттар қараған кезде өзінің орналасқан жері бойынша қатысуды және кейіннен қадағалауды қамтамасыз етеді.

Соттардың орналасқан жеріндегі мамандандырылған прокурорлардың осы бұйрықпен жүргізуіне жатқызылған істерін сот іс жүргізуге қабылдаған жағдайда , аумақтық прокурорлар мамандандырылған прокурорларды уақытында және тиісінше хабарлауды (телефонограммамен не хабарламаны тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарымен) қамтамасыз етеді. Мамандандырылған прокурорлар жергілікті соттың ресми сайты пайдаланып немесе өзге де тәсілдермен қарауға тағайындалған барлық істерге мониторингті жүзеге асырады .

Оның жүргізуіне жатқызылған істерді қарауға тағайындалған соттар орналасқан жерде мамандандырылған прокуратура болмаған, не бұл туралы мамандандырылған прокурорға хабарланбаған жағдайда, соттарға қатысу және сот актілерінің заңдылығын кейіннен тексеру тиісті аумақтық прокурорға жүктеледі.

Соттарда қаралған істер бойынша аумақтық және мамандандырылған прокурорлар әр тоқсан сайын салыстырмалы тексеру жүргізеді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас прокурорының 29.01.2016 № 20 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн аяқталған соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Заңды күшіне енбеген сот актілерін жоғары тұрған сот қайта қараған кезде барлық істер бойынша прокурордың қатысуы қамтамасыз етіледі.

9. Прокуратура қозғаған әкімшілік іс жүргізу бойынша прокурордың бірінші сатыдағы сотқа қатысуын өз бастамасымен істі қозғаған бөлімше қамтамасыз етеді. Осы бөлімшеге сот актілерінің заңдылығын тексеру, соның ішінде келіп түскен өтініштерді қарау және оларға дер кезінде апелляциялық мерзімде наразылық келтіру міндеті жүктеледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас прокурорының 29.01.2016 № 20 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн аяқталған соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Іс материалдарымен танысу нәтижелерін қатысушы прокурор алдын ала прокуратура басшысына немесе жетекшілік ететін орынбасарға баяндайды, соттың істі қарау нәтижелері бойынша, сот қаулысымен келіскен кезде прокуратура басшысы немесе жетекшілік ететін орынбасар бекітетін сот актісінің заңдылығы туралы қорытынды жасалады.

Бірінші сатыдағы сотта қатысқан прокурордың қорытындысы жазбаша түрде жасалады және онда:

құқық бұзушының кінәсінің болуы немесе жоқтығы, оның әрекетінің дұрыс дәрежеленуі;

прокурордың жоғарыда көрсетілген тұжырымдардың біріне тоқтауға негіз болған дәлелдемелер;

оған істің мән-жайын және құқық бұзушының жеке басын ескеріп, сол немесе өзге жаза түрін қолдану туралы, не істі қысқарту қажеттігі туралы көрсетілуге тиіс.

Жоғарыда аталғанға қоса апелляциялық тәртіппен қайта қарауға жататын іс бойынша қорытындыда:

қайта қарауға жататын сот актілерінің мазмұны, соттың позициясы;

қатысқан прокурорлар, қорытындылардың қысқаша мазмұны;

шағымдағы (өтінішхаттағы) дәлелдер;

шағымның (өтінішхаттың) негізділігі туралы тұжырымдар туралы мәліметтер де қамтылуға қажет.

Прокурордың қорытындысы ӘҚБтК-нің 823-бабының 2-бөлігіне сәйкес әкімшілік қамауға алу туралы, сондай-ақ іс бойынша іс жүргізуді қысқарту туралы қаулының көшірмелері соттан келіп түскен кезде де жасалады.

Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар міндетті санаттағы істер бойынша заңсыз сот актілерін апелляциялық тәртіпте қайта қарауды қамтамасыз етеді.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы, қоршаған ортаны қорғау және салық салу саласындағы, кеден ісі саласындағы және мүлікті тәркілеуге әкеп соғатын, сондай-ақ ӘҚБтК-тің 45-тарауының тәртібінде берілген осы санаттағы істерге шағымдар бойынша орган (лауазымды тұлға) қаулысының күші жойылатын және өзгертілетін істер бойынша өндірісті тоқтатумен келіскен жағдайда облыстардың, Астана, Алматы қалаларының прокурорлары және оларға теңестірілгендер немесе оның орнындағы тұлға сот актісі заңды күшіне енген күннен бастап отыз жұмыс күннен кешіктірілмейтін мерзімде мәнді қорытынды бекітеді, ол Бас прокуратураға жолданады (бақылау тәртібінде).

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас прокурорының 29.01.2016 № 20 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн аяқталған соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Облыстардың, қалалардың, аудандардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар тиісті номенклатуралық істерде қалыптастырылатын, прокурорлардың қатысуымен қаралған әкімшілік істер бойынша бірінші және апелляциялық сатылардағы соттар шығарған сот актілерін және прокурорлардың қорытындыларын есепке алуды ұйымдастырады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас прокурорының 29.01.2016 № 20 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн аяқталған соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Негіздер болған кезде іс бойынша қатыса отырып, прокурор сотқа заңдылықты бұзуды, құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою туралы жеке қаулы шығару туралы бағдар береді (ӘҚБтК-нің 826-бабы) және қажет кезде прокуратураның осыған ұқсас мазмұнда прокурорлық ықпал ету актісін шығаруға бастама жасайды.

13. Апелляциялық наразылық ӘҚБтК-нің 840-бабында көзделген сот қаулысының күшін жоюға не өзгертуге негіздер болған кезде ғана келтіріледі. Апелляциялық наразылық келтіру құқығы бірінші сатыдағы сотта істі қарауға қатысқан прокурорға тиесілі. Бас Прокурор және оның орынбасарлары, облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар мен олардың орынбасарлары, аудандардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар өз құзыреті шегінде істі қарауға қатысқанына қарамастан, сот қаулысына наразылық келтіруге құқылы.

ӘҚБтК-нің 832-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша сот қаулысына наразылық қаулының көшірмесі тапсырылған күннен бастап он тәулік ішінде берілуі мүмкін. Бұл ретте салықтық міндеттеменің

немесе Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы және міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасында көзделген міндеттердің орындалмауына немесе тиісінше орындалмауына байланысты қозғалған әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша наразылық қаулының көшірмесі алынған күннен бастап отыз тәулік ішінде берілуі мүмкін.

14. Сот апелляциялық наразылықты негізсіз қабылдамаған кезде, сондай-ақ әкімшілік істі қарау кезінде жіберілген материалдық және процестік құқық нормаларының елеулі бұзылуы анықталған кезде облыстардың, Алматы, Астана қалаларының прокурорлары және оларға теңестірілгендер Бас прокуратураға кассациялық наразылық келтіру туралы ұсыныс енгізеді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас прокурорының 29.01.2016 № 20 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн аяқталған соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Бас прокуратура апелляциялық наразылық келтірген жағдайда облыстардың, Алматы, Астана қалаларының прокурорлары мен оларға теңестірілгендер және олардың орынбасарлары, басқармалар бастықтары апелляциялық сатыдағы соттарда наразылықтарды білікті түрде қолдап, наразылықты қараудың нәтижелері туралы Департаментті дереу хабардар етуге және кейін сот қаулыларының көшірмелерін жолдайды.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас прокурорының 29.01.2016 № 20 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн аяқталған соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Прокурорлар сот қарауына қатыспауына қарамастан, соттың қаулысы заңды күшіне енгенге дейін:

осы Нұсқаулықтың 6-тармағында көрсетілген;

әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қысқарту жөніндегі;

сот қаулысын жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарауды қанағаттандыру не бас тарту туралы сот актілерінің заңдылығын тексеруге міндетті.

17. ӘҚБтК-нің 851-бабына сәйкес заңды күшіне енген сот актілерін кассациялық тәртіпте Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының мамандандырылған сот алқасы Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының және оның орынбасарларының наразылығы бойынша қадағалау тәртібімен қайта қарауы мүмкін.

Әкімшілік жауаптылыққа тартылған тұлғаның не өзіне қатысты әкімшілік іс жүргізу қысқартылған тұлғаның жағдайын нашарлататын жағына қарай сот актісіне наразылық ӘҚБтК-нің 851-бабы 2-бөлігінің талаптарына сәйкес келтірілуі мүмкін.

Облыстардың, Алматы, Астана қалаларының прокуратуралары және оларға теңестірілген прокуратуралар осы Нұсқаулықтың 6, 16-тармақтарында атап көрсетілген істер бойынша заңды күшіне енбеген сот актілерінің заңдылығын апелляциялық мерзімде тексеруге міндетті. Заңсыз сот актісіне наразылық келтіру мерзімі өткізіп алынған жағдайда заңды айқын бұзуға жол берген кінәлі қызметкерлердің жауапкершілігі туралы мәселе қойылады.

Сот актілерінің күшін жоюға не өзгертуге заңда белгіленген негіздер болған кезде, облыстардың, Алматы, Астана қалаларының, ауданаралық, аудандық, қалалық, әскери прокурорлар және басқа да мамандандырылған прокурорлар апелляциялық наразылықтар келтіреді. Өтініш қанағаттандырусыз қалдырылған жағдайда облыс прокуроры немесе оның орынбасары бекітетін жазбаша қорытынды жасалады, ал өтініш иелеріне өтінішті қанағаттандыру үшін негіздердің жоқтығы туралы дәлелді жауап беріледі және жауаптың көшірмесін қоса тіркей отырып, олардың жоғары тұрған прокурорға шағым беру құқығы туралы түсіндіріледі.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас прокурорының 29.01.2016 № 20 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн аяқталған соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Апелляциялық наразылықтар келтіру туралы өтінішхаттар өз құзыреті шегінде облыстардың, Астана, Алматы қалаларының прокуратуралары мен оларға теңестірілген прокуратуралар, аудан және оларға теңестірілген прокуратуралармен қаралады.

Прокурорлар уәкілетті мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан апелляциялық және кассациялық наразылық келтіру туралы өтінімдер келіп түскен кезде шағым берілетін сот қаулыларының заңдылығы, ал заңды күшіне енген міндетті санаттағы істер бойынша сот актілері бойынша істі талап етіп алдырылып тексерілуге тиіс. Осы Нұсқаулықтың 6-тармағында көзделмеген істерге наразылық келтіру туралы өтінімдер бойынша өтініш иесіне оның апелляциялық сатыдағы сотқа шағыммен дербес жүгіну құқығы түсіндіріледі.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі Бас Прокурор, оның орынбасарлары, облыстардың прокурорлары мен оған теңестірілген прокурорлар қадағалау тәртібімен тексеру үшін тиісті соттан талап етіп алдыра алады. Істерді, тексеру материалдарын, ақпараттарды талап етіп алдыру туралы тапсырма өтінішті тікелей қарайтын лауазымды тұлғаға өтініш келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей жіберіледі. Прокурордың істі талап етіп алдыру туралы сұрау салуын сот ӘҚБТК-нің 848-бабының 3-бөлігіне сәйкес оның сотқа келіп түскен күнінен бастап жеті тәуліктен кешіктірмей орындайды.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас прокурорының 29.01.2016 № 20 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн аяқталған соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Бас прокуратураға наразылық келтіру туралы ұсыныс сипаттау, дәлелдеу және қарар бөліктерден тұрады.

Сипаттау бөлігінде іс бойынша қабылданған сот актілерінің нәтижелері баяндалады, егер істі уәкілетті орган қараған жағдайда, қаулы көрсетіледі. Одан әрі сипаттау бөлігінде істің қысқаша мән-жайлары көрсетіледі, ал іс қысқартылған жағдайда бұл шешімді қабылдауға негіз болған мән-жайлар көрсетіледі.

Ұсыныстың дәлелдеу бөлігінде заң нормаларына және іс материалдарына сүйенген тұжырымдар баяндалып, іс бойынша қабылданған сот актілерінің осыларға сәйкес бұзылып немесе өзгертілетіндігі көрсетіледі.

Ұсыныстың қарар бөлігінде сотпен ӘҚБтК-нің 839-бабында көзделген шешімдердің біреуі қабылдану қажеттігі туралы қамтылады.

20. Облыстардың прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлар әкімшілік сот ісін жүргізуді және қысқартылған істер бойынша заңдылықтың жай-күйіне тоқсан сайын талдау жасайды, бұл туралы ақпаратты Бас прокуратураға тоқсанның соңғы айының 25-ші күнінен кешіктірмей ұсынады.

3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша сот актілерінің заңдылығын прокурорлық қадағалаудың жай-күйін бағалау

21. Әкімшілік істер бойынша сот актілерінің заңдылығын қадағалаудың негізгі көрсеткіштері:

қадағалау сапасы;

наразылықтардың сапасы;

заңдылықтың бұзылуына ден қою тиімділігі болып табылады.

22. Әкімшілік істер бойынша қадағалаудың сапасы міндетті санаттағы істер және прокурордың қатысуымен қаралған, шағым немесе жоғары тұрған прокурордың наразылығы бойынша апелляциялық және кассациялық тәртібімен (төмен тұрған прокурордың ұсынуынсыз) күші жойылған немесе өзгертілген өзге де істер бойынша сот актілерінің талдауына негізделе отырып жоғары тұрған прокуратурамен бағаланады.

Қадағалаушы прокурор жұмысының талаптары ӘҚБтК және осы Нұсқаулықпен прокурорлық ықпал ету шараларын қолданбаған анық (айқын) заң

бұзушылыққа жол берген сот актілерінің күшін жоюы және өзгертуі ескеріледі. Осы мән-жайлардың болуы немесе жоқтығы бірінші, апелляциялық және кассациялық сатылардағы сот актілерін зерделеу арқылы айқындалады.

Осы мақсаттарда апелляциялық наразылық келтіру тиімділігінің есебі жүргізіледі, ол міндетті санаттағы істер және прокурордың қатысуымен қаралған өзге де істер бойынша бірінші сатыдағы соттың прокурордың апелляциялық наразылығы бойынша күші жойылған және өзгертілген қаулыларының міндетті санаттағы істер және прокурордың қатысуымен қаралған өзге де істер бойынша бірінші сатыдағы соттың апелляциялық тәртіппен күші жойылған және өзгертілген сот қаулыларының жалпы санына ара қатынасымен есептеледі.

Бұрын апелляциялық наразылықсыз бірінші сатыдағы соттың қаулысы бұзылған немесе өзгертілген іс бойынша апелляциялық қаулы прокурордың кассациялық наразылығымен бұзылған жағдайда бірінші сатыдағы соттың қаулылары апелляциялық шағыммен бұзылған немесе өзгертілген мәліметтері туралы статистикалық есеп азаю жағына қарай түзетіледі.

Апелляциялық наразылық келтіру тиімділігін есептеген кезде апелляциялық тәртіпте бұзылған немесе өзгертілген бірінші сатыдағы соттың қаулылары есептелмейді егер:

прокурордың кассациялық наразылығы бойынша (төмен тұрған прокурордың ұсынысы бойынша келтірілген) апелляциялық сатыдағы соттың қаулысы апелляциялық наразылықсыз бірінші сатыдағы соттың қаулысы бұрын күшін жойған немесе өзгерген сол бөлігінде күші жойылса немесе өзгертілсе есептелмейді. Мұндай жағдайда апелляциялық шағымдар бойынша күші жойылған бірінші сатыдағы сот қаулыларының саны туралы статистикалық есептің мәліметтері азаю жағына қарай түзетіледі;

тағайындалған жазаның мөлшері баптағы санкцияның шегінде өзгерілсе;

бірінші сатыдағы сотқа ұсынылмаған және бірінші сатыдағы сот қаулысының күшін жоюға не өзгертуге негіз болған жаңа дәлелдемелер апелляциялық сатыдағы сотқа берілсе;

санкцияда соттың оны қолдануға баламалы құқығы болған кезде тағайындалған жазаның біреуі алып тасталса не ауыстырылса;

рақымшылық жасау актісінің немесе татуласуға байланысты іс бойынша іс жүргізу қысқартылса.

Статистикалық есепте апелляциялық наразылық білірудің тиімділігін есептеу кезінде ескерілмейтін сот актілері туралы мәліметтерді көрсету Департаменттің келісімін жазбаша немесе электрондық құжат нысанынын алғаннан кейін ғана жүргізіледі. Тиісті өтінішхат іс бойынша шығарылған сот актілерінің көшірмелерін тіркей отырып, сот процессуалдық шешім қабылдағаннан кейін он жұмыс күні ішінде Департаментке жолданады.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас прокурорының 29.01.2016 № 20 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн аяқталған соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Әкімшілік істер бойынша наразылықтардың сапасы кері қайтарылған, қайтарылған және қанағаттандырусыз қалдырылған апелляциялық наразылықтың талдауына негізделе отырып жоғары тұрған прокуратурамен бағаланады.

Негізсіз наразылықтар ескеріледі. Оларға ӘҚБтК және осы Нұсқаулықпен анық (айқын) бұзып дайындаған наразылықтар жатады. Осы мән-жайлардың болуы не жоқтығы ол бойынша қабылданған шешімдер туралы наразылықты және құжаттарды зерделеу арқылы айқындалады.

Осы мақсаттарда апелляциялық наразылықтардың қанағаттандырылу есебі жүргізіледі, ол мына формула бойынша есептеледі:

$100 \% - (\text{қанағаттандырусыз қалдырылған/қаралған}) \times 100 \% =$ қанағаттандырушылық.

Бұл ретте бұрын апелляциялық наразылық бас тартылған іс бойынша кассациялық наразылық (төмен тұрған прокурордың ұсынымы бойынша келтірілген наразылығы) қанағаттандырылған жағдайда, бас тартылған апелляциялық наразылықтардың саны туралы статистикалық есептің мәліметі азаю жағына қарай түзетіледі.

Облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар негізсіз наразылықты кері қайтарып алған жағдайда төмен тұрған прокурорға осындай шешімнің уәжін жазбаша немесе электрондық құжат нысанында хабарлайды және мұндай қателіктердің алдын алуға шаралар қабылдайды.

Апелляциялық (кассациялық) сатыдағы сот наразылықты келтірген адамның не жоғары тұрған прокурордың өтінішін қанағаттандырған жағдайда, наразылық кері қайтарылып алынды деп есептеледі.

Қалған барлық жағдайларда, соның ішінде прокурорлардың бастамасы бойынша наразылықтары қайтарылғанда, мұндай наразылықтар қайтып берілген ретінде есепке алуға жатады.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас прокурорының 29.01.2016 № 20 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн аяқталған соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Әкімшілік істер бойынша заңдылықтың бұзылуына ден қою тиімділігі прокурорлардың қатысуымен қаралған істер бойынша олардың өтініштері негізінде заңдылықты бұзу факті бойынша қабылданған соттардың жеке қаулыларын, сондай-ақ сот отырысында анықталған мән-жайларға байланысты бастама жасалған тексеру мен прокурорлық қадағалау актілерінің талдауына негізделе отырып жоғары тұрған прокуратурамен бағаланады.

Осы мақсаттарда прокурорлардың қатысуымен қаралған істер бойынша олардың өтініштері негізінде заңдылықты бұзу факті бойынша қабылданған соттың жеке қаулыларының прокурордың қатысуымен қаралған істер бойынша шығарылған заңдылықтың бұзылуына соттардың жеке қаулыларының жалпы санына ара қатынасымен есепке алу жүргізіледі.

Прокурордың өтініші бойынша жеке қаулыны шығару сот актісінде немесе сот отырысының хаттамасында осыны тікелей көрсете отырып, не іс материалдарына қоса тіркелген прокурордың жазбаша қорытындысымен расталады.

Бағалау кезінде прокурорлардың өтініштері бойынша шығарылған жеке қаулылар, сондай-ақ прокурорлық тексерулер мен прокурорлық қадағалау актілері бойынша қабылданған шаралардың нәтижелігі (заңдылықтың бұзылуын жою, тұлғаларды заңда белгіленген жауапкершілікке тарту және басқалары) ескеріледі.

Төмен тұрған прокуратуралардың бағалау қызметі жұмыс нәтижесін ескере отырып басқа да көрсеткіштер бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

4. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасында әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша сот актілерінің заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру

25. ӘҚБтК-нің 851-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша заңды күшіне енген қаулы және оларға шағымдарды, наразылықтарды қарау нәтижелері бойынша қабылданған қаулыларға наразылықты Жоғарғы Сотқа тек Бас Прокурор және оның орынбасарлары келтіреді.

26. Бас Прокурордың не оның орынбасарларының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша сот актілеріне келтірген кассациялық наразылықтарды қолдауды Бас Прокурордың тапсырмасы бойынша оның орынбасарлары, қарамағындағы прокурорлар (Департамент бастығы немесе орынбасары, Департаменттің басқарма және бөлім бастықтары) қамтамасыз етеді.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас прокурорының 29.01.2016 № 20 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн аяқталған соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына берілетін кассациялық наразылығын келтіру туралы өтініште:

- 1) өтініш жолданған лауазымды тұлғаның атауы;
- 2) өтініш беруші адамның атауы; оның тұрғылықты жері немесе тұрған жері және іс бойынша процессуалдық жағдайы;

3) істі бірінші және апелляциялық сатыларда қараған соттарды және олар қабылдаған шешімдердің мазмұнын көрсету;

4) наразылық келтіру ұсынылып отырған сот қаулысын көрсету;

5) материалдық не процессуалдық құқық нормаларын елеулі бұзушылықтың мәні неден көрінеді және өтініш беруші адам өтінішінің неден тұратыны қамтылуға тиіс.

Өтінішке оны беруші тұлға немесе оның өкілі қол қоюға тиіс. Өкіл берген өтінішке сенімхат немесе өкілдің өкілеттігін куәландыратын басқа да құжат қоса берілуге тиіс.

Өтінішке іс бойынша шығарылған қаулының сот куәландырған көшірмелері қоса берілуге тиіс.

Өтініш жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, оны берген тұлғаларға қайтарылуға жатады.

Кассациялық наразылық келтіру туралы тұлғалардың өтініштерін және прокурорлардың ұсынымдарын қарау істер талап етіліп жүзеге асырылады.

Өтініш қанағаттандырусыз қалдырылған кезде арызданушыны жазбаша түрде немесе электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырған электрондық құжат түрінде хабардар ете отырып, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау жөніндегі ведомстволық нормативтік актілерде көзделген тәртіппен бекітілетін мәнді қорытынды жасалады.

Қажет болған жағдайда Департамент бастығы немесе оның орнындағы тұлға облыстардың, Астана, Алматы қалаларының прокурорлары мен оларға теңестірілгендерге іс үшін маңызы бар мән-жайларды толық, жан-жақты және объективті анықтау мақсатында қосымша тексерістер жүргізуді тапсыруға құқылы.

Бұл ретте арызданушыға Бас Прокурорға тиісті өтініш бере отырып қайта жүгіну құқығы түсіндіріледі.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас прокурорының 29.01.2016 № 20 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн аяқталған соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Департаменттің әкімшілік істер бойынша сот актілерінің заңдылығын қадағалау бөлімінде жұмыс ӘҚБтК-нің құрамы бойынша істердің өсу (төмендеу) динамикасына, сот төрелігін жүзеге асыру және ол бойынша прокурорлық қадағалау сапасына, сондай-ақ істерді ақтайтын негіздер бойынша қысқарту себептеріне ай сайын талдау жасай отырып, аймақтық-тақырыптық қағидаты бойынша ұйымдастырылады.

Аймақтық прокурорлар прокурорлардың наразылықтарынсыз апелляциялық сатыдағы соттар күшін жойған және өзгерткен міндетті санаттағы істер бойынша

соттардың қаулыларын, сондай-ақ наразылықтар кері қайтарылған істер бойынша сот актілерін ай сайын 25-ші күнге қарай зерделейді.

Келіп түскен шағымдар мен өтініштер (қорытулар) бойынша істерді зерделеу кезінде аймақтық прокурорлар төмен тұрған прокурорлардың соттарға қатысу сапасына талдау жасайды.

Жоғарыда аталған мәселелердің талдау нәтижелерін аймақтық прокурорлар тоқсандағы айдың келесі айының 5-ші күнінен кешіктірмей Департамент басшылығына анықтамамен баяндайды.

Қадағалау қызметіндегі анықталған бұзушылықтар мен оң аспектілер туралы мәліметтер дереу тізілімге енгізіледі.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас прокурорының 29.01.2016 № 20 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн аяқталған соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Қорытынды ережелер

29. Департамент әкімшілік істер бойынша сот актілерінің заңдылығын қадағалауда төменгі прокуратуралардың қызметін басқару мен бақылауды қамтамасыз етеді, қадағалаудың осы саласындағы жұмыстың тиімділігін арттыру аясында, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының басқа да құрылымдарымен, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотымен, ғылым және білім мекемелерімен өзара бірлесіп әрекет жасауды жүзеге асырады.

30. Департамент қадағалауды ұйымдастырудың қазіргі заманғы әдістерін енгізу, оларды оқыту және тағылымдамадан өткізу арқылы әкімшілік істер бойынша сот актілерінің заңдылығын қадағалауды жүзеге асыратын прокуратура қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, әдістемелік және практикалық көмек көрсету бойынша жұмыс жүргізеді.

31. Департамент Бас Прокурордың және оның орынбасарларының тапсырмасымен қолданыстағы заңнаманы жетілдіруге ұсыныстар енгізу, Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, өзге де орталық мемлекеттік органдардың жұмысшы топтарының, комитеттері мен комиссияларының құрамына қатысуға, заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша қорытынды дайындауға, оның ішінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларын дайындау арқылы нормашығармашылық қызметке қатысады.

32. Департамент, облыс прокурорлары, Алматы, Астана қалаларының прокурорлары, ауданаралық, аудандық, қалалық және оларға теңестірілген әскери және өзге де мамандандырылған прокуратуралар заңдылық пен құқықтық тәртіптің жай-күйін, қадағалау қызметінің нәтижелерін бұқаралық ақпарат

құралдары арқылы жарыққа шығарып, прокуратура органдарының имидждік бағдарламасын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ